

№ 1 « 31 » 08 2021 ж.

Пед кеңесте қаралды

Бекітемін:  Л.Х.Еспанова
Т.Жүргенов ЖОББМ директоры





Келісемін:  Б.Д.Сейітжанов
Аудандық білім бөлімінің басшысы



Тақырыбы
Ғажайып ертегілер
вариативтік курс

Мектепалды даярлық тобы

Орындаған: Г.Б.Ерімбетова
ӘБ отырысында қаралды:
№ 1 хаттама 28 күні 08 айы 2021 ж
ӘБ жетекшісі:  Д.Т.Атыгаева
Тексерілді:  А.Ж.Шайхина
Әдістемелік ісі орынбасары

Түсінік хат

Жалпы білім беру жүйесінің алғашқы сатысы болып есептелетін мектепке дейінгі ұйымдарда және отбасында баланы мектепке дайындау бүгінгі таңда кезек күттірмейтін өзекті мәселердің бірі . Қазақстан Республикасының білім беру жүйесінің реформалау барысында әрбір баланы мектептегі оқу мен қатынас арасындағы етіп дайындау аса маңызды міндет. Қазіргі мектептің бірінші сыныбына келген балалар ерік – жігерлері күшті, еңбек сүйгіш қасиеттері мол, жұмыс қабілеттері жоғары, арнайы білімдік және икемділік сипаттары көз түсерліктей болуы қажет.

Сондықтан мектепалды даярлау бағдарламасының ең алғашқы басты міндеті балалардың көркем әдебиетке қызығушылығын дамытып, есте сақтау қабілеттерін, өрісін, дүние танымын, эстетикалық сезімін қалыптастыру.

Балалар өз өмірінде кездескен нақты жағдайларды әңгімелеп беруін, ертегілерді өз бетінше оқылған көркем әдебиеттегі тақырыптарды араластырып айтуын, суреттерді нақты заттарды, хайуанаттарды, өсімдіктерді суреттей білуге, әңмелеуге үйрету.

Мақсаты: Шағын көлемдегі ертегілердегі ерекшеліктер арқылы биік адамгершілік қасиеттерді жалқаулық, қорқақтық, менмендік сияқты жағымсыз қалыптарды түсінуін қалыптастыру. Оқыған ертегіні әсерлі, сенімді түрде тыңдаушыларға жеткізу.

Міндеттері: Оқыған таныс әңгіме ертегілерді өз бетінше құрастырып, оқылған көркем әдебиеттегі тақырыптарды алмастырып айтуын қалыптастыру. Сөздің эмоционалдық мәнерлігін түсінуге үйрету.

Көркем шығармаларды мәнерлеп оқыған орфоэпиялық нормаларды дұрыс ұстану, сөйлеу мәдениетіне көңіл бөлу, тілдік сезімді дамыту.

Күтілетін нәтиже: Ұсынылған ертегілер баланың меңгеруіне берілген сұрақтар, тапсырмаларды дұрыс орындауына бағыт – бағдар берілсе, олардың көркем әдебиет құнарынан нәр алу жағына жете көңіл бөлінсе нұр үстіне нұр болары сөзсіз.

Мазмұндық бөлім

1. Хайуанаттар туралы ертегілер – 12 сағат

Хайуанаттар туралы ертегілер бөлімінде балалар хайуандар туралы қызықты ертегілермен танысады. Ертегі кейіпкерлерінің мінездеріне қарап, жақсылық жасай білуге, жамандықтан жиренуге, достыққа, бауырмалдылыққа тәрбиеленеді.

2. Қиял – ғажайып ертегі – 14 сағат

Қиял – ғажайып ертегілерді тыңдау барысында қиялдарына ерік беріп, ғажайып оқиғаларға қызығушылығы оянады. Өмірде әділдік, қайырымдылық, қамқорлық деген жақсы қасиеттердің әрқашанда зұлымдықты жеңетіне сенеді. Адалдыққа, жақсылыққа талпынады.

3. Тапқышбектің сыйлығы бөлімі – 6 сағат

Балалардың тілдерін жаттықтыру мақсатында мақал - мәтелдер, жаңылтпаштар, ұйқасын табу жаттығулары алынды. Тапқырлыққа тәрбиелеу мақсатында «Қожанасыр хикаялары» енгізілді. Бұл бөлімде балалар тілдерін ғана жаттықтырып қоймай, ойлау қабілеті дамып, тапқырлыққа тәрбиеленеді.

Нормативтік бөлімі

Апталық – 1 сағат, жылдық – 33 сағат

№	Тақырыбы	Сағат саны	Уақыты	Бағдарламаның мазмұны
1	Ертегілер еліне саяхат	1	3.09	Балаларды ертегілер еліне саяхатқа шақыра отырып ертегілерге деген қызығушылығын арттыру.
2	Алма піс аузыма түс	1	10.09	Балаларды ертегілерді мұқият тыңдауға үйрету, ойын еркін айтуға қалыптастыру.
3	Үш аю	1	17.09	Ертегілерді тыңдау арқылы тапқырлыққа, адалдыққа баулу.
4	Жеті лақ	1	24.09	Оқушыларды адамгершілікке ой тапқырлығына баулу.
5	Қарлығаш пен дәуіт	1	1.10	Оқушыларды ертегі кейіпкерлерімен таныстырып ойын еркін айтуға үйрету.
6	Мен түлкі	1	8.10	Әдептілікке баулу, ертегідегі жағымды кейіпкерлерге ұқсауға тәрбиелеу.
7	Қотыр торғай	1	15.10	Оқушылардың құс туралы білімдерін кеңейту, тіл байлығын дамыту.
8	Бауырсақ	1	22.10	Ертегіні толық түсініп, баяндап айтуға үйрету
9	Үш торай	1	29.10	Ертегіде кездесетін хайуанаттар мінез құлқын, іс әрекеттерін түсінуге тәрбиелеу
10	Ұр тоқпақ	1	7.11	Ертегінің мазмұнын ашып балаларға тыңдату
11	Түлкі мен ешкі	1	14.11	Балалардың білетінің ертегісін еске түсіру арқылы тіл байлығын дамыту.

12	Үйшік ертегісі	1	26.11	Ертегіні тыңдап жетекшінің сұрағына толық жауап бере білуге үйрету
13	Жыл басына таласқан хайуанаттар	1	03.12	Хайуанаттар туралы түсіндіріп, ертегінің мазмұнын ашу.
14	Күң шіл үйрек	1	10.12 12.12	Негізгі кейіпкердің әрекетіне баға беріп, ойын еркін жеткізуге баулу.
15	Қоян	1		Су жүрек қоянның батырлығын түсіндіру.
16	Аң патшасы кім	1	26.12	Рөлдерге бөліп диалогты баяндау машықтарын жетілдіру
17	Тырна мен түлкі	1	14.01	Ертегінің негізгі кейіпкерін дұрыс тандай білуге үйрету.
18	Түлкі мен қоян	1	21.01	Кейіпкерлердің мінезіне өз ойларын ортаға салып, түсіндіру.
19	Қаңтар мен ақпан	1	28.01	Су жүрек қоянның батырлығын түсіндіру.
20	Түлкімен бөдене	1	4.02	Досының аузына қақпақ құрған түлкіге мінездеме беру.
21	Күшік пен мысық	1	18.02	Ертегінің кейіпкерлерінің қылықтарына мінездеме беру.
22	Тышқан мен жылан	1	25.02	Ертегіні толық тыңдап, сұрақ қоя білуге үйрету
23	Қой мен қасқыр	1	4.03	Ертегі кейіпкерлерімен таныстырып ойларын ортаға салу
24	Арыстан мен түлкі	1	11.03	Ертегіні түсіндіріп мазмұнын ашу
25	Ақтиын мен қасқыр	1	18.03	Балаларға ертегіні оқып, ойларын түсінгенін сұрау
26	Түлкімен	1	1.04	Ертегіні диалогқа бөліп сахналау

	қырғауыл			
27	Қасқыр мен қозы	1	8.04	Өз ойларын ортаға салып , достарының пікірімен бөлісу
28	Түлкімен құмырсқа	1	15.04	Ертегіні тыңдай білуге үйрету
29	Ешкі мен қасқыр	1	22.04	Мазмұнын ашып, балаларға өз пікірін тыңдату
30	Ақ бидай	1	29.04	Ертегінің басқа ертегілерден ерекшелігін түсіндіру, ұқыпты тыңдауға үйрету
31	Ақсақ құлан	1	6.05	Жетекшінің көмегімен сұраққа толық жауап беріп, мазмұнын ашу
32	Түлкіден де өткен құ	1	13.05	Негізгі кейіпкерді таба біліп іс – әрекетіне тоқталу
33	Мақта қыз бен мысық	1	20.05	Ертегіні ұқыпты тыңдап мазмұнын ашу балаларды тиянақтылыққа үйрету

Ақпараттық-әдістемелік бөлім

а) Сабақты қызықты әрі тиімді өткізу барысында дамыта оқыту технологиясын қолданамын. Бүлдіршіндердің ойлауын, зейіндерін, байқағыштық қабілетін дамытамын.

Ертегілер елінде бағдарламасы арқылы балаларды жақын тартып өздерін сахналау арқылы кейіпкерлердің жағымды, жағымсыз бейнелерін келтіріп рольдер бойынша қатыстыру арқылы таныту. Бұл бағдарламада балаларды образға ене білуге үйрету, бүтін мәтінді нақышына келтіріп баяндай білуге үйрету, яғни монолог ұғымымен таныстыру, конференсье - жүргізуші туралы ұғым беру зейін қоя білуге, өз ойларын актуализациялай білуге үйрету Танымдық қызығушылықтарын арттыру, тіл мәдениетін, сөздік қорын молайту.

Ертегілер елінде бағдарламасы мектепалды даярлық сыныбына келетін балалардың жас ерекшеліктері мен мүмкіндіктеріне шақталып алынған.

ә) Тәрбиеленушілерді бағалау әдістері:

Бүлдіршіндердің өзін – өзі бағалауға өзгенің еңбегін бағалауға, топтық бағалау жүйесін қолданамын.

Пайдаланған әдебиеттер

Тәрбиеленушілер үшін:

- 1 . «Аруна» баспасы, аударған Т.Бектаев.
- 2 .Әжемнің ертегілері
3. Көркем әдебиет хрестоматиясы «Аруна» баспасы

Тәрбиеші үшін:

- 1 . «Аруна» баспасы, аударған Т.Бектаев.
- 2 .Әжемнің ертегілері
3. Көркем әдебиет хрестоматиясы «Аруна» баспасы